



## "ТұранӘлем Банк" жабық акционерлік қоғамының қызметін жақсарту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 5 маусымдағы N 166

"ТұранӘлем Банк" жабық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - ТұранӘлем Банкі) қызметін жақсарту, сондай-ақ 1997 жылғы 2 маусымда Премьер-Министрде өткен кеңестің хаттамалық шешімін орындау мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі (Т.М.Манақбай) 1997 жылдың 10 маусымына дейін мерзімде Тұран Әлем Банк ұсынған тізбе бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен алынған несиенің есебінен ТұранӘлем Банкінің 61890000 (алпыс бір миллион сегіз жүз тоқсан мың) АҚШ доллары мөлшеріндегі қарыздық берешегін сатып алсын. <\*>

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1997.06.26. N 198  
өкімімен. R970198\_

2. ТұранӘлем Банкі (Б.Н.Тәтішев) мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі 1997 жылдың 10 маусымына дейін мерзімге көрсетілген қарыздық берешекке қызмет көрсету жөнінде агенттік келісім жасасын.

Премьер-Министр